

ЕРЕЖЕ

2025 ж. 24 қыркүйек

дата

Алматы қ.

ПОЛОЖЕНИЕ



П-23-26

г. Алматы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы» РММ
Ғылыми кеңестің шешімімен

Бекітемін
Төраға Г. Қ. Тасбергенова
2025 жылғы «24» қыркүйек № 02 хаттама

PhD докторантының
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІСІ ТУРАЛЫ

Өзірлеген:			
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секторының басшысы		Ж.С. Мусаева	22.09.2025 ж.
Келісілген:			
Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор		А.С. Нусупова	23.09.2025 ж.
Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы		С. А. Сарымсакова	23.09.2025 ж.
Compliance officer		Г.М. Джагупарова	23.09.2025 ж.
Заң секторының басшысы		С.А. Черепанова	23.09.2025 ж.
Қызметі	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН ҚЫСҚАРТҰЛАР.....	4
3.	ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	5
4.	ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	6
5.	ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ (ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК) МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	7
6.	ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІЛЕРДІ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ АУЫСТЫРУ	9
7.	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	10
8.	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ.....	11
9.	ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	12

Ереже	PhD докторантының ғылыми кеңесшісі туралы	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		12 беттің 2-ші беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы докторанттардың ғылыми кеңесшілері туралы ереже (бұдан әрі Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы" Республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі Құрманғазы ат. ҚҰК) докторанттардың ғылыми кеңесшілерінің біліктілік талаптарын, тағайындау және ауыстыру рәсімдерін, құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Ереже мынадай нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- 1) 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319–ІІІ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңы (11.01.2025 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- 2) «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының заңы (соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- 3) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына;
- 4) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексімен; (01.01.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
- 5) 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрық — «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қызмет қағидаларын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің бұйрығы;
- 6) 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрықпен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығы;
- 7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына;
- 8) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген диссертациялық Кеңес туралы үлгі ережесіне;
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген дәрежелерді беру қағидаларына.
- 11) Ереже докторанттар мен олардың ғылыми кеңесшілерінің докторлық диссертацияларды орындауы үшін жауапкершілікті арттыру мақсатында және Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық

Ереже	PhD докторантының ғылыми кеңесшісі туралы
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 3-ші беті

консерваториясының (бұдан әрі – Құрманғазы ат. ҚҰК) ішкі ережелері мен құжаттарына сәйкес.

1.1 Осы Ереже отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің біліктілік талаптарына, Құрманғазы ат. ҚҰК PhD докторанттарының кеңесшілерін тағайындау және ауыстыру рәсімдеріне, ғылыми кеңесшілердің құқықтары мен міндеттеріне қатысты мәселелерді реттейді.

1.2 Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ізденетін докторантқа ғылыми жетекшілік етуді екі адамнан тұратын ғылым докторлары немесе кандидаттары, философия докторлары (PhD) қатарынан тағайындалатын кеңесшілер жүзеге асырады, олардың бірі шетелдік жоғары оқу орнының ғалымы болу керек.

1.3 Ғылыми кеңесшілердің кандидатуралары Құрманғазы ат. ҚҰК Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректор бұйрығымен бекітіледі.

1.4 PhD докторантурада бір отандық ғылыми жетекшіге бір уақытта 2 PhD докторанттан артық бекітілмейді. Қажет болған жағдайда PhD докторанттарына ғылыми жетекшілік ету әлеуеті бар жоғары оқу орнының ғылым кандидаттары мен PhD докторлары арасынан бірлескен жетекшілер мен кеңесшілер тағайындалуы мүмкін.

1.5 Ғылыми кеңесшілерге ақы төлеу консерваторияда белгіленген нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады. Шетелдік ғылыми кеңесшінің еңбегіне ақы төлеу «Құрманғазы ат. ҚҰК докторантының шетелдік ғылыми кеңесшісіне ақылы қызметтер көрсету туралы» шарт негізінде жүзеге асырылады.

2. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

2.1 Құжатта қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

Термин	Анықтама
докторантура	білім беру бағдарламалары кемінде 180 академиялық кредитті міндетті меңгеру арқылы тиісті бағыт бойынша философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
докторант	докторантурада білім алатын адам
(PhD) философия докторы	ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында (ҚР) немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған, ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған адамдарға берілетін дәреже
профиль бойынша доктор (өнер)	өнер және педагогика саласындағы кәсіби қызмет саласындағы докторантура бағдарламасын меңгерген

Ереже	PhD докторантының ғылыми кеңесшісі туралы
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 4-ші беті

докторы, білім докторы)	және Қазақстан Республикасында (ҚР) немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған, ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған адамдарға берілетін дәреже
ғылыми кеңесші	докторантты даярлау бейініне сәйкес келетін ғылым докторы/ ғылым кандидаты/ PhD докторы ғылыми дәрежесі бар, сондай-ақ ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын докторантты зерттеу саласында ғылыми жарияланымдары бар докторанттың ғылыми зерттеулер саласындағы маман
қазақстандық (отандық) ғылыми кеңесші	жоғары оқу орнынан кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының немесе Қазақстан Республикасының ғылыми - зерттеу ұйымдарының өкілі болып табылатын ғылыми консультант
шетелдік ғылыми кеңесші	PhD докторы дәрежесі, докторанттың зерттеу саласындағы ғылыми жарияланымдары бар, ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын докторанттың ғылыми зерттеулер саласындағы маманы.
докторанттың жеке жұмыс жоспары	оқытудың барлық кезеңіне арналған пәндер мен игерілетін кредиттер санын көрсете отырып, сондай-ақ докторлық диссертацияның тақырыбын, зерттеу бағыты мен жоспарларын, практикадан, ғылыми тағылымдамадан өтуді, орындау мерзімдері мен есептілік нысанын көрсете отырып, білім алушының оқыту траекториясы
диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal)	Зерттеудің мақсаты, міндеттері мен әдіснамасын, оның өзектілігін, ғылыми жаңалығын, теориялық және практикалық маңыздылығын, сондай-ақ әдебиеттерге шолу мен білім алушының күтілетін зерттеу нәтижелерін қамтитын құжат

3. ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1 PhD докторанттарының диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшілік ету Құрманғазы ат. ҚҰК-ның төмендегідей шарттарға ие штаттық оқытушылары мен қызметкерлеріне жүктеледі:

- 1) докторанттарды даярлау бейіні бойынша ғылыми дәрежесі /ғылыми атағы бар, әдетте, ғылым докторы, PhD докторы, өнертану ғылымдарының кандидаты (профессор/доцент). Қажет болған жағдайда білім алушыларға аралас ғылым салалары бойынша кеңесшілер тағайындалуы мүмкін;
- 2) оның ішінде отандық және халықаралық рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланымдарды қоса алағанда докторанттың

Ереже	PhD докторантының ғылыми кеңесшісі туралы
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 5-ші беті

диссертациялық зерттеуі тақырыбы бойынша ғылыми еңбектер (кемінде 7-10 ғылыми жарияланым).

3.2 Отандық ғылыми кеңесші білуі керек:

- 1) Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы» заңдарын білу;
- 2) Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді білу;
- 3) Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыттарын білу;
- 4) ғылыми зерттеудің заманауи инновациялық әдістерін білу;
- 5) өзінің ғылыми мамандандыруы саласындағы әлемдік соңғы жетістіктерді білу;
- 6) теориялық және эксперименттік ғылыми зерттеулерді жүргізу дағдыларын меңгеру керек;
- 7) қазіргі заманғы IT технологияларды білу, дағдыларды меңгеру керек;
- 8) компьютерлік және басқа да ұйымдастыру техникасымен жұмыс жасай білу;
- 9) ғылыми жарияланымдарды жеткілікті дайындау үшін, PhD докторантының шетелдік қосымша кеңесшімен ғылыми байланыстарды жүзеге асыру және дербес хат алмасу үшін жеткілікті көлемде шет тілдерінің бірін меңгеру керек;
- 10) диссертация жазатын оқыту тілін (қазақ, орыс немесе ағылшын) еркін меңгере білуі керек.

4. ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1 PhD докторанттардың шетелдік ғылыми кеңесшілері әдетте, ынтымақтастық туралы шарттар шеңберінде алыс шетелдегі жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу ұйымдары – Құрманғазы ат. ҚҰК серіктестерінен (Ғылым және инновация бөлім келісімшарттар жасау жауапкершілігін жүктейді) жетекші ғалымдарынан тағайындалады.

4.2 PhD докторларын даярлауды жүзеге асыратын шетелдік ЖОО-да жұмыс тәжірибесі бар ТМД елдерінің серіктес ғылыми ұйымдар мен ЖОО-ның ғалымдары да дайындалған магистрлер және/немесе ғылым кандидаттары болған жағдайда PhD докторанттарының шетелдік ғылыми кеңесшілері ретінде тағайындала алады.

4.3 PhD докторантының шетелдік ғылыми жетекшісі ретінде тағайындалатын тұлғаның:

- 1) PhD докторы/ғылым докторы дәрежесі немесе мамандық бойынша PhD докторанттың диссертациялық зерттеу бейіні мен ғылыми жетекшілік тәжірибесі сәйкес келетін баламалы дәрежесі;

Ереже	PhD докторантының ғылыми кеңесшісі туралы	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		12 беттің 6-ші беті

2) Web of Science (Thomson Reuters), Scopus және т. б. халықаралық базаларына кіретін халықаралық ғылыми журналдардағы жарияланымдарды қоса алғанда докторанттың диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми еңбектері;

3) Докторанттың мамандануы саласында ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын және ғылыми жетекшілік ету тәжірибесі бар жетекші университетте немесе жетекші ғылыми ұйымда тұрақты ұстаным болуы керек.

4.4 PhD докторантурада бір шетелдік ғылыми жетекшіге, әдетте, бір уақытта 2 докторанттан артық бекітілмейді.

5. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ (ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК) МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

5.1 Отандық кеңесшінің міндеттері:

- 1) Ғылым комитетіне ұсыну үшін және кейіннен консерваторияның Ғылыми кеңесінде бекіту үшін докторантқа диссертациялық зерттеу тақырыбы мен жоспарын анықтауға көмек көрсету;
- 2) докторантпен бірлесіп Жеке жұмыс жоспарын (ЖЖЖ) әзірлеу;
- 3) зерттеу жұмысы бойынша жүйелі түрде кеңес беру және ЖЖЖ орындалуын бақылау;
- 4) докторанттың ЖЖЖ-ын орындауы бойынша жұмысты тиімді ұйымдастыру;
- 5) докторантпен бірлесіп зерттеу практикасы бағдарламасын әзірлеу, практика мен ғылыми тағылымдамадан өту базасын ұсыну;
- 6) педагогикалық практикадан (педпрактика жетекшісі ретінде тағайындаған жағдайда) өту бағдарламасын әзірлеу;
- 7) докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысын орындауын жүйелі түрде (оқу жылында кемінде екі рет) бағалау және PhD докторантура басшысына нәтижелерін ұсыну;
- 8) докторанттың зерттеу жұмысы және ҒЗЖ бойынша есептерді уақтылы тапсыруын және сапалы орындалуын қамтамасыз ету;
- 9) Ғылыми кеңес мәжілісінде докторанттарының ДҒЗЖ орындау бойынша есеп беру (ғылыми кеңес бекіткен ғылыми жетекшілердің есептерінің көшірмелері PhD докторантурасына беріледі);
- 10) зерттеу нәтижелерін дайындауға және ғылыми журналдарда жариялауға көмек көрсету;
- 11) зерттеу нәтижелерін ұсыну мақсатында докторанттың халықаралық конференцияларға қатысуына жәрдемдесу;
- 12) докторанттың диссертациялық жұмысына Пікір (жазбаша және ауызша) беру;
- 13) докторанттың докторлық диссертациясын көпшілік алдында қорғауға қатысу;

Ереже	PhD докторантының ғылыми кеңесшісі туралы	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		12 беттің 7-ші беті

- 14) PhD докторанттарының диссертациялық жұмыстарын дайындауға қатысты Құрманғазы ат. ҚҰК ректоры мен басшылық тапсырмаларын орындауға жауапкершілікпен қарау;
- 15) докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша орындалған жұмыс туралы есеп беру (басшылық талабы бойынша);
- 16) әріптестермен және докторантпен қызметтік қарым-қатынаста этикалық нормалар мен тұлғааралық қатынас ережелерін сақтау.

5.2 Шетелдік кеңесшінің міндеттері:

- 1) электрондық пошта, жеке кездесулер және онлайн консультациялар (Skype кездесулері) арқылы докторанттың диссертациясының тақырыбы бекітілуі бойынша кеңес беруді және ғылыми басшылықты жүзеге асыру;
- 2) диссертациялық жұмыс жоспары мен ғылыми зерттеу әдістері бойынша келісу және ұсыныс беру. Қажет болған жағдайда докторант диссертациясының жоспары мен мазмұнына түзетулер мен толықтырулар енгізу және ескертулер туралы уақтылы хабарлау;
- 3) Thomson Reuters (ISI Web of Knowledge) компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт факторы бар немесе Scopus компаниясының дерекқорына кіретін ғылыми журналдарда мақалалар дайындауға және жариялауға жәрдемдесу;
- 4) докторанттың шетелдік ғылыми-зерттеу тағылымдамасына және халықаралық конференциялар мен басқа да ғылыми форумдарға қатысуына көмек көрсету;
- 5) белгіленген мерзімде докторанттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалу барысын бақылау;
- 6) әр оқу жылының соңында докторантура басшысына көрсетілген қызметтер туралы жазбаша ақпарат, сондай-ақ докторанттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес академиялық кезеңдегі ғылыми-зерттеу жұмысына пікір мен баға беру;
- 7) докторанттың диссертациялық жұмысына жазбаша пікір беру;
- 8) мүмкін болса, докторанттың диссертациясының көпшілік алдында қорғауына қатысу.

5.3 Ғылыми кеңесшілер құқылы:

- 1) докторантпен келісім бойынша жеке жұмыс жоспарларына түзетулер енгізуге;
- 2) докторанттардың зерттеу тәжірибесін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 3) докторантты жүргізілетін зерттеу аясында ғылыми жобаларға тартуға;
- 4) докторантқа ғылыми семинарларға, отырыстарға қатысуды ұсынуға;
- 5) докторантты тақырыптары докторанттың зерттеу жұмысымен тікелей байланысты дөңгелек үстелдерге, конференцияларға, ғылыми семинарларға қатысуға ұсыныс беруге;
- 6) ЖЖЖ бойынша орындалатын жұмыс барысын талқылау үшін докторантпен жұмыс кездесулерін тағайындауға;

Ереже	PhD докторантының ғылыми кеңесшісі туралы
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 8-ші беті

7) докторанттың ЖЖЖ-ын орындау барысына әсер ететін мәселелер мен жағдайлар туралы PhD докторантура басшылығына хабарлауға құқылы.

6. ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІЛЕРДІ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ АУЫСТЫРУ

6.1 PhD докторанты бағдарламаға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде бітіруші кафедраның көмегімен кейіннен бекіту үшін ғылыми кеңесшілердің (отандық және шетелдік) кандидатуралары айқындалады.

6.2 Болжанған ғылыми кеңесшілердің кандидатуралары бітіруші кафедралардың отырыстарында алдын ала талқылаудан өтуі тиіс.

6.3 Докторлық диссертацияға жетекшілік ету үшін докторантқа оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде ғылыми жетекші тағайындалады.

6.4 Ғылыми басшылық Ғылыми кеңестің шешімі негізінде Құрманғазы атындағы. ҚҰК ректорының бұйрығымен бекітіледі.

6.5 Отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілерді бекіту үшін бітіруші кафедралар әрбір докторант бойынша PhD докторантурасына келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) PhD докторанттың ғылыми жетекшілерінің кандидатураларын талқылау туралы бітіруші кафедра отырысының хаттамасынан үзінді;
- 2) ғылыми жетекшілердің негізгі академиялық және ғылыми жетістіктерін, ғылыми еңбектер тізбесін және толық байланыс деректерін қамтитын түйіндемесі;
- 3) PhD докторантқа ғылыми жетекшілік етуге келісім-хат (ұйым бланкісінде).

6.6 Бекітілген ғылыми кеңесшіні ауыстыру ғылыми жетекшілікті жүргізе алмау сияқты объективті себептер (басқа жұмысқа ауысуға байланысты, денсаулық жағдайы бойынша және т.б.) сияқты ерекше жағдайларда немесе форс мажорлық жағдайларда жүзеге асырылды.

6.7 PhD докторантының отандық ғылыми жетекшісін ауыстыруға бітіруші кафедра меңгерушісі жауапты болады.

6.8 Шетелдік ғылыми кеңесшіні ауыстыруға PhD докторантының отандық ғылыми жетекшісі және бітіруші кафедраның меңгерушісі жауапты болады.

6.9 Ғылыми жетекшіні ауыстыру бітіруші кафедраның ұсынысы мен негіздемесі бойынша Құрманғазы ат. ҚҰК ректорының бұйрығы арқылы жүзеге асырылады.

6.10 PhD докторантының ғылыми жетекшілерін бітіру курсына ауыстыруға жол берілмейді.

6.11 Тараптар міндеттемелерді жауапсыз орындаған жағдайда тәртіптік жазадан бастап отандық ғылыми кеңесшіні кейінгі уақыттарда PhD докторанттарына ғылыми кеңесші болудан шеттетуге дейінгі шара қолданылады.

6.12 Қызмет көрсету туралы шарт шеңберінде өзіне қабылданған міндеттемелерді жауапсыз орындауға жол берген шетелдік ғылыми кеңесші бұдан әрі ол Құрманғазы ат. ҚҰК-мен ынтымақтастықтан шеттетіледі.

Ереже	PhD докторантының ғылыми кеңесшісі туралы
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 9-ші беті

7 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Осы Ереже қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

7.2 Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға және диссертациялық жұмысты орындауға жетекшілік пен кеңесшілік жасауды қамтамасыз етуге жауапты барлық тұлғалар PhD докторанттарының ғылыми кеңесшілері туралы осы Ережеде көзделген талаптардың орындалуына жауап береді.

Ереже	PhD докторантының ғылыми кеңесшісі туралы	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 10-ші беті	

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу нөмері	Тіркеу күні	Өзгерістер мазмұны	Қолы
1	2	3	4
1		1-бетте ведомстволық министрліктің атауы «Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі» деп өзгертілді.	
2		2025 ж. _____ 1-бетте Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы Ғылыми кеңесінің төрағасының Т.А.Ә. жаңартылды.	
3		2025 ж. _____ 1-бетте келісілуге тиісті тұлғалардың тегі мен лауазымдары өзгертілді.	
4		2025 ж. _____ 3-бетте 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы жаңартылды.	

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ р/н	Құжатпен танысқан тұлғаның аты-жөні	Қызметі	Қолы	Күні
1	2	3	4	5

Ереже	PhD докторантының ғылыми кеңесшісі туралы		
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы			12 беттің 12-ші беті